

"Тұрмыстық жәндіктерді, синантроптық масалар мен сары масаларды жоюға арналған дезинсекциялық іс-шараларды жүргізуде жертөле үй-жайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар"

санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2006 жылғы 27 наурыздағы N 130 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 17 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 4191. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 30 маусымдағы N 476 бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.06.30 N 476 бұйрығымен.

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 10) тармақшасы, 17-бабының 1) және 9) тармақшаларына және 30-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Тұрмыстық жәндіктерді, синантроптық масалар мен сары масаларды жоюға арналған дезинсекциялық іс-шараларды жүргізуде жертөле үй-жайларына санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (А.А.Белоног) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ұйымдастыру-құқықтық жұмыс департаменті (Д.В.Акрачкова) осы бұйрықтың Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі А.А.Ақановқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і н і ң
2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 7 н а у р ы з д а ғ ы
N 130 бұйрығымен бекітілген

"Тұрмыстық жәндіктерді, синантроптық масалар мен сары масаларды жоюға арналған дезинсекциялық іс-шараларды жүргізуде жертөле үй-жайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар"
санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормалары 1. Жалпы ережелер

1. "Тұрмыстық жәндіктерді, синантроптық масалар мен сары масаларды жоюға арналған дезинсекциялық іс-шараларды жүргізуде жертөле үй-жайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормалары (бұдан әрі - санитарлық ереже) сақталмауы адам өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін сондай-ақ паразиттік аурулардың пайда болу және таралу қаупін туғызатын жағдайдағы санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

2. Жертөле үй-жайларындағы тұрмыстық жәндіктерді, синантроптық масалар мен сары масаларды жою қызметін көрсететін меншік және ұйымдастыру құқықтық нысанына қарамастан жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - шаруашылық жүргізуші субъектілер) арналған.

Осы санитарлық ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар п а й д а л а н ы л а д ы :

1) шыбын-шіркейлер - мал мен адамды шағатын қосқанаттылар отрядындағы қансорғыш жәндіктердің жалпы атауы;

2) *Culex pipiens molestus* масалары - жерасты коммуникациясының және тұрғын үйлердің өндірістік ғимараттардың жертөлесін басқан суда көбейіп, адамдардың қанын соратын жертөле үй-жайлары масаларының түрі.

2. Жертөле үй-жайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

4. Жертөле үй-жайларындағы шыбын-шіркейлер, соның ішінде масалар мен сары масалардың (бұдан әрі - жәндіктер) санын азайтуға арналған іс-шаралардың қатарына жәндіктердің үй-жайларға қоныстануын болдырмау, олардың тіршілік ету ортасын жою мақсатында құрылыстарда, аумақтың маңындағы жертөлелерде тазалық сақтауға бағытталған техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық (профилактикалық) және жою іс-шаралар кешені кіреді.

5. Жобалау-жоспарлау шешімдерде тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың жертөле үй-жайларын жер асты, жер беті, су құбыры және кәріз суларының

басып кету мүмкіндіктерін жою немесе шектеу, жертөле үй-жайларында сары масалардың көбейетін орындарының пайда болуына жол бермеу жөніндегі шаралар көзделуге тиіс.

6. Жер асты суларының деңгейін азайту жөніндегі іс-шаралар мыналарды қамтиды: дренаж, суы қатты ағатын кәріз, жертөле үй-жайларының іргесі мен қабырғаларын (үй ішіндегі коммуникацияны судан қорғаушы құрылғыларды қосу және ағытуға арналған құрылғылар орнатылған қабырғалар); құм төселген жертөле үй-жайларында - кәріз жүйесіне қосылған бетон науалардан жасалған инженерлік құрылғыларын салуды.

7. Жобаларда көзделген әрі тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың жертөле үй-жайларын су басып кетуге жол бермеуге бағытталған ғимаратты салу, жөндеу, қайта салу кезінде көзге көрінбейтін бітеу жұмыстары сапалы орындалуға тиіс.

8. Кәсіпорындардың басшылары, ғимараттардың, құрылыстар мен үй-жайлардың иелері немесе жалға алушылар олардың санитарлық-гигиеналық жай-күйін бақылап, қолданыстағы санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық (профилактикалық), жою іс-шараларды орындауға тиіс.

9. Жертөле жарықтандырылып, есіктер жақтауларына дәл келіп әрі тығыз жабылып, желдеткіштер алмалы-салмалы торлармен жабылуға, терезелері шыныланып немесе көзі тар торлармен жабылуы, еденде цемент лай төселген, ауладағы су берілетін құрылғылар тиісті күйде болуға тиіс.

10. Жертөлелерде су, қоқыс, таза емес заттар болмауға, шаруашылыққа керекті заттар ретсіз жиналмауға тиіс.

11. Коммуникацияның сызаттары, авария болған және бітелген жерлері тазалануға, едендегі және коммуникация қосылатын және ағытылатын жерлердегі су жақындағы кәріз құдықтарына (алайда, су қатты ағатын жерлерге және тротуарлар немесе гүлзарлаға емес) ағызылуға, ластанған жерлер тазартылып, үй-жай құрғатылып әрі желдетілуге тиіс.

12. Үй-жайлар мен оларда тамақ өнімдерін сақтауға арналған орындарды, қосалқы үй-жайларын, жертөлелерді, баспалдақ алаңшаларын, шатырастыларын құрылыс материалдарымен, ыдыстармен, бөтен мүкәммалмен, жиһазбен, керек емес заттармен және жәндіктер қалып қоятын әрі орындарды дезинфекциялық өңдеу қиындық туғызатын басқа да материалдармен толтыруға тыйым салынады.

13. Барлық тамақ өнімдері жәндіктер бара алмайтын жерлерде сақталуға тиіс. Тамақ өнімдерін өндіру және сату жөніндегі ұйымдарда, қоймаларда барлық тауарлар, азық-түлік және ауыл-шаруашылық шикізаты ыдыстарда стеллаждарда қатар-қатар әрі ыдыс астына қойылатын төсеніштерімен сақталуға тиіс.

14. Тұрғын үйлердегі қоқыстық камераларды тазалау тәулігіне кем дегенде бір рет жүргізілуге тиіс. Контейнерлерге жиналған қатты тұрмыстық қалдықтар,

қоқыстар күн сайын шығарылуы керек. Контейнерлерге арналған алаңшалар және қоқыс жинағыш қондырғылар тұратын орындар асфальтталуға (бетондалуға), таза болуға тиіс. Олардың жанында (радиусы кем дегенде 10 метр) бұталар, ыдыстардың жиынтығы, тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтар болмауға тиіс.

15. Тамақ қалдықтарын жинау, сақтау орындарында, дәретханаларда тазалап жинау мүкәммалынан басқа бөтен заттар мен материалдар болмауға тиіс.

16. Дезинсекциялық жұмыстар жүргізілетін объектіде:

- 1) тегіс баспалдақтар, едендер, жарық, істеп тұрған желдеткіш болуға;
- 2) электр тоғымен, пармен зақымдалу, босқын иттер мен үй жануарларының шабуыл жасау мүмкіндіктері және объектінің қолайсыз санитарлық-техникалық жай-күйімен және оны пайдалану режимімен байланысты басқа да өндірістік және тұрмыстық травматизм жағдайларының туындауы болмауға;
- 3) дезинсекцияны жүргізуші адамдардың барлық объекті үй-жайлары мен құрылыстарына, сондай-ақ ұштасып жатқан аумаққа қолжетімдігін қамтамасыз етуге тиіс.

3. Дезинсекциялық қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру

17. Жәндіктермен күресу үшін Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат берілген инсектицидтер пайдаланылуға тиіс.

18. Дезинсекциялық құралдар қолдану жөніндегі нұсқамаларға немесе әдістемелік ұсынымдарға сәйкес қолданылуы тиіс.

19. Объектіде дезинсекциялық іс-шараларды жүргізу жөніндегі жұмыс жәндіктердің болуына алдын ала тексеруден, түрін, олардың қоныстану орны мен сандық деңгейін анықтаудан басталуға тиіс.

20. Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың жертөле үй-жайларын *Culex pipiens molestus* масаларына қарсы өңдеу тек қана энтомологиялық көрсетілім бойынша, жер қабаттарда, кірме жолдарда, саты алаңшаларында масалардың личинкалары мен имагосы бар кезде жүргізіледі. Масалар жиналған жерлердегі жиналған су, үйлердің қабырғалары мен төбелері өңдеуге жатады.

21. Шарт жасалған объектілерде қорытынды тексеру жәндіктер қоныстанған, сол сияқты олардан тазартылған алаңшаларда да тұрақты түрде жүргізілуі тиіс.

22. Дезинсекциялық құралдардың қауіптілігі олардың уыттылығы негізінде айқындалады. Дезинсекция құралдарын қолдану шарттары олардың қауіптілік дәрежесімен айқындалуға тиіс:

- 1) жабық үй-жайларда өте қауіпті (І сынып) құралдарды пайдалануға тыйым салынады ;

2) балалар, аурухана ұйымдарында, қоғамдық тамақтану кәсіпорындарында және тұрғын үйлерде қауіптілігі жоғары (II сынып) құралдарды пайдалануға болмайды. Басқа объектілерде кейіннен міндетті түрде желдетіп және тазалай отырып, оларды адамдар болмағанда тек оқыған персонал ғана қолдануына р ұ қ с а т е т і л е д і ;

3) қолдану (препаратты шығыстау, желдету режимі, тазалау) шартын міндетті түрде регламенттей отырып, қауіптілігі орташа (III сынып) құралдарды оқыған персонал да, сол сияқты тұрмыста тұрғындар да қолдануына болады;

4) қауіпсіздігі шамалы (IV сынып) құралдарды қолдану аясын шектеусіз пайдалану үшін қолдануға болады.

23. Өңдеу жүргізудің арақашықтығы мыналарға байланысты:

1) жәндіктердің нақты түрінің биологиясы мен экологиясының ерекшеліктеріне және оның даму циклінің ұзақтығына;

2) елді-мекеннің санитарлық жай-күйіне, объектінің санитарлық-техникалық жай-күйіне, ұйымдардың, кәсіпорындар мен мекемелердің және тұрғындардың санитарлық ережелер мен нормаларды сақтауына;

3) дезинфекциялық құралдармен өңдеудің және қалған әсерінің уақыттылығы мен тиімділігіне.

24. Дезинсекцияны жүргізгеннен кейін оның тиімділігі бағалануға тиіс. Дезинсекциялау жұмыстарының тиімділігінің көрсеткіштері келісім-шарттардағы жалпы физикалық ауданға қатысты, пайызбен көрсетілген, жәндіктерден тазартылған нысандардың саны және олардың жалпы физикалық ауданы болып табылады.

25. Синантроптық масаларды жою жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін бағалау үшін жиырма шаршы метр үй-жайға бір жағы жабысқақ нәрсе жағылған екі жолақты пайдаланады. Қалалық жерлерде жабысқақ бір жолақ бетіне тәулігіне бір жәндік жабысса, ауылдық жерде - үш-бес жәндік жабысса, қалдық қоқыстарда бір сынамаға көп дегенде бес балаңқұрт болса және оларда әрі топырақта олар болмаса, сондай-ақ масалардың қысқы ұрықтануы байқалмаса, көрсеткіштер қанағаттанарлық деп есептеледі.

26. Балаңқұрт сатысымен салыстырғанда, жертөле үй-жайларында сары масаларға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін бағалау өндегеннен кейін 3-5 тәуліктен, қанаттанған сары масалардың саны бойынша - 5-7 күннен кейін жүргізілуге тиіс. Су сынамаларында тірі балаңқұрттар болмаса және орташа есеппен алғанда, үй-жай қабырғасының бір шаршы метрінде кемінде бір қанаттанған сары маса болса, дезинсекциялық іс-шаралар тиімділігінің көрсеткіштері қанағаттанарлық деп есептеледі.

4. Дезинсекциялық жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралар

27. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің мамандары жұмысқа қабылданар алдында алдын ала және мезгіл-мезгіл профилактикалық медициналық қараудан өтуге, техникалық қауіпсіздік жөнінде нұсқаулық (кіріспе, бастапқы, қайта) алуға тиіс. Жасы 18 жасқа толмаған адамдарға, жүкті және бала емізетін әйелдерге және қарсы айғақтары бар адамдарға дезинсекциялық құралдармен жұмыс істеуге болмайды.

28. Ұйым әкімшілігі дезинсекциялық құралдармен жұмыс істейтін барлық адамдарды арнайы киімдермен (халат, бас орамал, етік, қолғаппен), сондай-ақ қолды, тыныс алу және көру ағзаларын жеке қорғау құралдарымен (ЖҚК) жеке бас гигиенасы құралдарымен қамтамасыз ету керек.

29. Өңделіп жатқан үй-жайда темекі шегуге, тамақ ішуге тыйым салынады. Жұмыстан кейін ауызды шайып, қолды және дененің ашық жерлерін, сабындап жуу, жұмыс аяқталғаннан кейін гигиеналық себізгі қабылдау керек.

30. Дезинсекциялық іс-шараларды жүргізу кезінде:

- 1) еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік ережелерін әзірлеу;
- 2) еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтауды, арнайы киімдердің, жеке қорғаныш құралдарының пайдаланылуын және оларды дезактивациялауды, улану кезінде алғашқы көмек көрсетуді қамтамасыз ету;
- 3) пайдаланылатын дезинсекциялық құралдардың сапасын, аппаратураның, қондырғылардың, жеке қорғаныш құралдарының дұрыстығын бақылауды жүзеге асыру керек.

31. Дезинсекциялық шараларды жүргізген уақытта адамдар, үй жануарлары, құстар, бөлмелік өсімдіктер, аквариум үй-жайдан шығарылып, тағам өнімдерін тұмшалау керек.

32. Дезинсекциялық жұмыстар аяқталғаннан кейін ұнтақ тәрізді препараттар 24 сағаттан кейін адамдар мен құстар болатын жерлерден алынып тасталуы керек ; олар аз баратын жерлерде тиімділігі жоғалғанша 1 айға дейін сақтауға болады. Белсенділігін жоғалтқан қармақжемдерді жағу арқылы өртеп жіберу керек. Ол жерлерді сода және сабын қосылған сумен жуады. Үй-жайларды желкөздерді немесе терезелерді ашып қойып жинайды.

33. Объектіде жұмыстан кейін арнайы киімдерді мынандай тәртіппен шешу к е р е к :

- 1) қолғаптарды қолдан шешпей-ақ 5% сода ерітіндісінде, содан кейін суда ж у у к е р е к ;
- 2) бұдан кейін қорғаныш көзілдіріктер мен шаң тұтқышты, етікті, бас о р а м а л д ы , х а л а т т ы ш е ш е д і ;

3) көзілдірік пен шаң тұтқышты кальцийлендірілген соданың 5% ерітіндісімен, сабын қосқан сумен сүртеді;

4) бұдан соң қолғапты шешіп, арнайы киімдерді жинап, қолды сабынмен жуады.

34. Инсектицидтерді кез-келген бөтен адамға, ал кәсіби контингент арасында - осы ұйымда белгіленген нысан бойынша тіркеусіз беруге тыйым салынады. Өңдеуден кейін қалған құралдар жұмыс күнінің соңында дезинсекцияны жүргізген ұйымға жеткізіледі де, оларды сақтау үшін жауапты адамға тапсырылады.

35. Қойманың үй-жайы құрғақ, жарық қабырғалары тегіс болып, едені цементтеліп немесе асфальттануға тиіс.

36. Қойма үй-жайларын қажетіне қарай екі аптада кемінде бір рет тазалау керек. Қоймалар тиісті шаңсорғыш және жуғыш аппаратураларымен қамтамасыз етілуі тиіс. Жинар алдында қабырғалардың, едендердің, сөрелердің, ыдыстардың беттерін шаңнан тазалап, одан соң қабырғаларды, едендерді, сөрелерді жуады.

37. Дезинсекциялық құралдарды аз көлемді ыдыстарда сақтау үшін темір сөрелерді, ал үлкен шыны ыдыстарды сақтау үшін ағаш сөрелерді пайдаланады.

38. Дезинфекциялық құралдардың атауы, дайындалған күні, дайындаушы зауыттың (фирманың) атауы, қолданылатын заттың әсері, жарамдылық мерзімі көрсетіле отырып, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықтар мен таңбалары болуға тиіс.

39. Қойма үй-жайларында тамақ ішуге, тамақ өнімдерін, мал азықтарын, ауыз суды сақтауға және бөтен адамдардың болуына тыйым салынады.

40. Инсектицидтер заттаңбасында "У" деген жазуы бар, олардың кірісі мен шығысын тіркеле отырып сақталуға тиіс.

41. Жарамсыз деп танылған дезинсекциялық құралдар белгіленген тәртіппен жойылуға тиіс.